Білім беру ұйымының атауы	**ZIYATKER TURAN ЖШС**	
Пәні:	География	
Бөлім:	3. ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ГЕОЭКОЛОГИЯ	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты	Елтаев Н.Т.	
Күні:	15.10.2026	
Сынып:10	Қатысушылар саны:	Сынып:10
Сабақтың тақырыбы	Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:	10.3.1.3 табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)	
Сабақтың мақсаты	Жергілікті және аймақтық деңгейдегі табиғатты пайдалану мәселелерін талдап, оның тиімділігін арттыруға бағытталған нақты ұсыныстар әзірлейді. **ЕББҚ:** Өз аймағындағы табиғи ресурстарды тиімді пайдаланудың қарапайым жолдарын анықтап, 1–2 ұсыныс айтады.	
	АДАЛ АЗАМАТ ҚҰНДЫЛЫҒЫНА ЖЕТКІЗУ: Қазақстанның табиғи байлықтарын ұқыпты әрі тиімді пайдалану жолдарын ұсыну арқылы туған жерге жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді. **ТАЗА ҚАЗАҚСТАН ЖОБАСЫ:** Жергілікті экологиялық мәселелерді шешу және табиғи ресурстарды үнемдеу жөнінде ұсыныстар әзірлеу арқылы «Таза Қазақстан» құндылықтарын қолдайды.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі/ уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 2 мин	**(Ұ) Ұйымдастыру кезеңі** Оқушылармен амандасып, оқушылардың көңілін сабаққа аудару. Сыныпты түгелдеу, сыныптағы оқушылардың зейінін сабаққа аудару	Мұғаліммен амандасып, кезекші оқушы сыныптағы оқушылардың санын баяндайды	**(ҚБ)** мұғалім 1-10 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау ЖИ арқылы жасалынған бағалау әдісі	Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі
2 мин	**ТРЕНИНГ** «Мемлекеттерді анықта» **Мақсаты:** Оқушылар мемлекеттердің сыртқы пішіні бойынша анықтайды 	Оқушылар **«мемлекеттерді анықта»** жаттығуы арқылы сабаққа қолайлы атмосфералық ахуал орнатады		
3 мин	**ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ** **«ВИКТОРИНА»** *Оқушылар ЖИ мүмкіншілігін пайдаланып викторина әдісі арқылы өткенге шолу жасайды* 1. Экологияның негізгі заңдарын түсіндірген американдық эколог-ғалым кім? **A) B. Вернадский B) Б. Коммонер C) Э. Геккель D) Ч. Дарвин E) А. Гумбольдт** 2. Б. Коммонер экологияның неше негізгі заңын ұсынды? **A) 5 B) 3 C) 6 D) 4 E) 2** 3. ҚР Конституциясының қай бабында қоршаған ортаны қорғау мәселесі қарастырылған? **A) 31-бап B) 25-бап C) 38-бап D) 42-бап E) 19-бап** 4. 1992 жылы Рио-де-Жанейрода өткен БҰҰ конференциясында неше ұстаным қабылданды? **A) 20 B) 25**	Оқушылар өткен тақырып бойынша викторина әдісі арқылы өткен тақырып бойынша ақпараттарға талдау жасайды **Дескриптор**	**«Жарайсың»** деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Geo_aqparat.kz - 10.3.1.3

	C) 30 D) 21 E) 27 5. 2002 жылы тұрақты даму жөніндегі Бүкіләлемдік саммит қай қалада өтті? **A) Женева B) Париж C) Йоханнесбург D) Рио-де-Жанейро E) Нью-Йорк** 6. «РИО+20» конференциясы қай жылы өтті? **A) 2002 жылы B) 2012 жылы C) 1992 жылы D) 2022 жылы E) 2007 жылы** 7. РИО+20 конференциясында Қазақстан қандай бағдарламаны таныстырды? **A) «Таза әлем» B) «Жасыл ел» C) «Эко Қазақстан» D) «Жасыл көпір» E) «Жасыл қала»** 8. ҚР «Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» заңы қай жылы қабылданды? **A) 2006 жылы B) 1997 жылы C) 2012 жылы D) 2004 жылы E) 1996 жылы** 9. Табиғи ортаны адамның зиянды әрекеттерінен қорғауға бағытталған ережелер жиынтығы қалай аталады? **A) Табиғи мониторинг B) Экологиялық сараптама C) Тұрақты даму D) Табиғатты пайдалану E) Экологиялық құқық** 10. «Барлығы бір-бірімен байланысты» қағидасы кімнің экологиялық заңына жатады? **A) Ч. Дарвин B) Э. Геккель C) Б. Коммонер D) В. Докучаев E) В. Вернадский**	Жалпы – 2 балл *-Оронимдердің түрлері мен мағынасын анықтап, викторина сұрақтарына дұрыс жауап береді — 1 балл.* *-Қазақ оронимдерінің дұрыс транслитерациясын анықтайды — 1 балл.*		
Сабақтың ортасы 2 мин	**«АДАЛ АЗАМАТ»** *бағдарламасы аясында жас ұрпақтың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған нақты мысал келтіріледі.* **«Отанды сүю - отбасынан басталады!»** дәйексөзі *Еңбек адамдары туралы нақты өмірлік мысалдар келтіріледі*	Апта дәйексөзі және құндылыққа байланысты нақты мысалдар келтіреді	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	
1 мин	**ЖАҢА САБАҚ** **«ВИДЕО ФРАГМЕНТ»** әдісі *Оқушылар «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын анықтайды*  **Бүгін сабағымыздың тақырыбы қандай болмақ?**	Оқушыларға тақырыпқа байланысты «видео фрагмент» әдісі арқылы сабақтың тақырыбын табуға мүмкіндік беріледі.		
2 мин	**МАҒЫНАНЫ ТАНУ** **«ТҮРТІП АЛУ» әдісі** **Бейнеролик:** Табиғатты тиімді пайдалану қағидаттары ✓ Табиғатты тиімді пайдалану бойынша қандай жобалар бар? ✓ Табиғатты тиімді пайдалану алгоритмі?	Оқушылар **ЖИ** мүмкіншілігі арқылы жасалынған бейнероликті тамашалайды. Сұрақтарды талдайды		https://youtu.be/lGLdpzBzw7U
8 мин	**№1.ТАПСЫРМА** **«ДАМУ ЖОЛЫН АНЫҚТА»** әдісі **(ЖТ) Жеке тапсырма** (Функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар даму жолын таңда әдісі арқылы тапсырманы орындайды. Берілген*	Оқушылар **джигсо** әдісі арқылы оқушылар тапсырманы орындайды **Дескриптор**	«Жарайсың» деген мадақтау сөзімен ынталандыру. **№1 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім	Geo_aqparat.kz - 10.3.1.3 №1тапсырма

	*жағдайлардың **экстенсивті** немесе **интенсивті** даму жолына жататынын анықтайды* ✓ Егістік көлемін жаңа жерлерді игеру арқылы арттыру. → _____ ✓ Жаңа технология арқылы шикізат шығынын азайту. → _____ ✓ Өндіріске қосымша жұмысшылар тарту. → _____ ✓ Қалдықтарды қайта өңдеп, өндіріске пайдалану. → _____ ✓ Жаңа кен орындарын ашу арқылы өндірісті көбейту. → _____ ✓ Энергия үнемдейтін технология енгізу. → _____ ✓ Мал санын көбейту арқылы ауыл шаруашылығы өнімін арттыру. → _____ ✓ Заманауи суару технологиясын енгізіп, су шығынын азайту. → _____ ✓ Өндіріс көлемін арттыру үшін қосымша табиғи ресурстарды игеру. → _____ ✓ Өндірісте ресурсты үнемдейтін автоматтандырылған жабдықтарды пайдалану. → _____ **Жауабы:** 1 – экстенсивті 2 – интенсивті 3 – экстенсивті 4 – интенсивті 5 – экстенсивті 6 – интенсивті 7 – экстенсивті 8 – интенсивті 9 – экстенсивті 10 – интенсивті **Дағдыға баулу:** *Бұл тапсырма экономикалық үдерістердегі экстенсивті және интенсивті даму жолдарын өзара ажыратып, сараптау және талдау жасау функционалдық дағдысын қалыптастырады.* **Құндылыққа жету:** *Бұл оқушылардың табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, еңбек пен уақыт тиімділігін бағалай білу арқылы тұрақты дамудың мәнін түсіну құндылығына жетелейді.*	Жалпы – 3 балл *-Сандық өсімге (көлемді арттыру, жұмысшы не мал санын көбейту) негізделген жағдайларды экстенсивті даму жолына дұрыс жіктейді. 1 балл* *-Сапалық және технологиялық өзгерістерге (жаңа технология, автоматтандыру, үнемдеу) негізделген жағдайларды интенсивті даму жолына дұрыс ажыратады. 1 балл* *-Берілген 10 жағдайды екі даму жолы бойынша толық әрі қатесіз дұрыс белгілейді. 1 балл*	Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	
2 мин	**ҚЫЗЫҚ ЕКЕН** Оқушыларға табиғатты тиімді пайдалану тақырыбына байланысты қызықты информация беріледі	Оқушыларға тақырыпқа байланысты информация беріледі		
10 мин	**№2. ТАПСЫРМА «ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ – ҚАЗАҚСТАНҒА ИДЕЯ»**	Оқушылар **«әлемдік**	«Керемет» деген мадақтау	

	әдісі **(ТЖ)Топтық жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар ЖИ мүмкіншілігі арқылы жасалыған «Әлемдік тәжірибе – Қазақстанға идея» әдісі арқылы тапсырманы орындайды* **Әр топ орындайды:** 1. **«Тәжірибені таныстыр»** – елдің табиғатты тиімді пайдаланудағы тәжірибесін 2–3 сөйлеммен сипаттаңыз. 2. **«Қазақстанға бейімде»** – осы тәжірибеден Қазақстанда жүзеге асыруға болатын **2 нақты ұсыныс** беріңіз. 3. **«Жасыл көпірмен байланыстыр»** – ұсыныстарыңыздың Қазақстанның **«Жасыл көпір» бастамасының** тұрақты даму, жасыл технологиялар мен халықаралық тәжірибе алмасу бағыттарымен байланысын түсіндіріңіз. 4. **«Болашақ нәтижесі»** – ұсыныс жүзеге асса, Қазақстанның табиғатына және экономикасына қандай оң әсер беретінін **1 қорытынды сөйлеммен** жазыңыз. **Топ** / **Ел** / **Зерттеу бағыты** **1-топ** / JP Жапония / Қалдықтарды сұрыптау, қайта өңдеу және ресурстарды үнемдеу **2-топ** / DE Германия / Жаңартылатын энергия, қалдықтарды қайта өңдеу **3-топ** / NL Нидерланд / Су ресурстарын басқару, тұрақты ауыл шаруашылығы **4-топ** / FI Финляндия / Орман ресурстарын тиімді пайдалану, айналмалы экономика **Дағдыға баулу:** *Оқушылар әлемдік озық экологиялық тәжірибелерді талдау арқылы өз елінің тұрақты дамуына бағытталған тиімді шешімдер мен инновациялық ұсыныстар әзірлеу дағдысын қалыптастырады.* **Құндылыққа жету:** *Бұл тапсырма оқушыларда экологиялық мәдениетті, табиғатқа ұқыпты қарауды және патриотизмді дамыту арқылы «Тәуелсіздік және отансүйетіндік / Экологиялық мәдениет» құндылығына жетелейді.* **№3. ТАПСЫРМА**	**тәжірибе Қазақстанға идея»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 3 балл *-Тәжірибені таныстыру және бейімдеу: Таңдалған елдің тәжірибесін 2–3 сөйлеммен сипаттап, Қазақстанда жүзеге асыруға болатын 2 нақты ұсыныс береді — (1 балл)* *-«Жасыл көпір» бастамасымен байланыстыру: Ұсыныстардың тұрақты даму, жасыл технологиялар және халықаралық тәжірибе алмасу бағыттарымен байланысын түсіндіреді — (1 балл)* *-Болашақ нәтижесін тұжырымдау: Ұсыныстың жүзеге асуы Қазақстанның табиғатына мен экономикасына беретін оң әсерін 1 қорытынды сөйлеммен нақты жазады — (1 балл) (1*	сөзімен ынталандыру. **№2 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 3 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі «Тамаша» деген	Geo_aqparat.kz - 10.3.1.3 №2 тапсырма
8 мин				

	«МЕНІҢ ҰСЫНЫСЫМ» әдісі **(ЖТ)Жеке жұмыс** (функционалдық сауаттылық тапсырмасы) *Оқушылар менің ұсынысым әдісі арқылы тапсырманы орындайды.* **Тапсырма:** Өз облысыңыздағы табиғатты пайдалануға қатысты мәселелерге **бір ұсыныстан** жазыңыз. ✓ Суды тиімді пайдалану үшін: _____ ✓ Жерді тиімді пайдалану үшін: _____ ✓ Қалдықтарды азайту үшін: _____ ✓ Жасыл желекті көбейту үшін: _____ **Дағдыға баулу:** *Оқушы жергілікті табиғатты пайдалану мәселелерін анықтап, оларды тиімді шешуге бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеу дағдысын қалыптастырады.* **Құндылыққа жету:** *Өз өңіріндегі су, жер, қалдық және жасыл желек мәселелеріне ұсыныс беру арқылы қоршаған ортаны қорғауға жауапкершілікпен қарауға тәрбиеленеді.*	*балл).* Оқушылар **«менің ұсынысым»** әдісі арқылы тапсырманы орындайды **Дескриптор** Жалпы – 2 балл *-Табиғи ресурстарды тиімді пайдалану бойынша ұсыныстар ұсынады – 1 балл;* *-Қоршаған ортаны қорғау және жақсарту жолдарын анықтайды – 1 балл.*	мадақтау сөзімен ынталандыру. **№3 тапсырма бойынша (ҚБ)** мұғалім Дескриптор бойынша 2 балл аралығында бағалайды **«домбыра»** әдісі арқылы бағалау Geo_aqparat.kz - "Домбыра" әдісі	
Сабақтың соңы 5 мин	**Кері байланыс** **«Бағдаршам»** әдісі Оқушылар бүгінгі сабақты түсінгендігі жөнінде бағдаршам әдісі арқылы қорытындылайды **Үйге тапсырма** Тақырыпты оқу	Оқушы жаңа тақырыпты қорытындылап бүгінгі сабаққа кері байланыс орнатады	Мұғалім оқушылардың тапсырмаларды орындауына байланысты 1 – 10 балл аралығында бағалайды	Geo_aqparat.kz - Бағдаршам әдісі

Табиғатты тиімді пайдаланудың қағидаттары

10.3.1.3 Табиғатты пайдалану түрлерінің тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар әзірлеу (жергілікті / аймақтық компоненттің негізінде)

1 «Мәселені анықта – ұсыныс жаса»

Ақтөбе облысындағы табиғи ресурстарға байланысты берілген жағдайларды оқып, әрқайсысына 1 нақты ұсыныс жазыңыз.



Су ресурстары

Селқос өзен-көлдерде су тапшылығы байқалады, ауыл шаруашылығында судың көп мөлшері жұмсалады.

Ұсыныс:



Жер ресурстары

Құнарлы жерлердің бір бөлігі дұрыс пайдаланылмайды, жердің тозуы мен эрозиясы артуда.

Ұсыныс:



Қалдықтар

Елді мекендерде тұрмыстық қалдықтардың көлемі артып, жинау және сұрыптау жүйесі толық жолға қойылмаған.

Ұсыныс:



Жасыл желек

Қала аумағында жасыл жапырақты ағаштар мен қорғаныш орман белдеулерінің аумағы жеткіліксіз.

Ұсыныс:

2 «Басым бағытты таңда»

Қолда бар мәліметтерді пайдаланып, Ақтөбе облысы үшін табиғатты тиімді пайдалану бағыттарының маңыздылығын бағалап, 1-орыннан 4-орынға дейін реттеңіз. Өз таңдауыңызды қысқаша түсіндіріңіз.



Басым бағыттар	Реті (1–4)	Таңдау себебі
Су ресурстарын тиімді пайдалану		
Ауыл шаруашылығын дамыту		
Пайдалы қазбаларды тиімді игеру		
Жасыл желекті көбейту		

3 «Жергілікті жоба»

Төмендегі тақырылтардың бірін таңдап, Ақтөбе облысы жағдайына бейімделген шағын жоба – ұсыныс әзірленіз.

Суды үнемдеу жобасы | Жер ресурстарын қалпына келтіру | Қалдықтарды қайта пайдалану | Қала көгалдандыру жобасы

Жоба атауы	
Мақсаты	
Ұсынылатын іс-шаралар (2–3 шара)	
Күтілетін нәтиже	